

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әбілхан Қастеев

Тексерген: Шекербеков Қ

Орындаған: Қартбаева Ж.Қ

301-18топ



Әбілхан Қастеев (1904-1973) – қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі, Қазақ ССР-ы халқының суретшісі.

Туып-өскен - жері Алматы облысына қарасты Жаркент қаласының жанындағы Шежін ауылы.

Топырақ бұйырған жері Алматы қаласы.

1929 жылдан 1931 жылдары Қастеев Николай Гаврилович Хлудовтың көркем студиясында оқыды (Хлудовтың Қазақстанда тұрған кезінде). Содан кейін білім алуын 1934 - 1937 жылдары Мәскеу қаласында Крупская атындағы көркем студиясында жалғастырды.

Қазақстанның халық суретшісі (1944). Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (1945-1956). Еңбек жолын Түрксіб темір жол құрылысында жұмысшы болып бастады.

Москвадағы көркемсурет студияларында Н.Г. Хлудов пен И.Бродскийден сабақ алды (1929-1936).

Халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтірген.





Әбілхан қол өнеріне, одан соң суретшілік өнерге жастайынан бейім болған. Анасы Айғанша кілем, алаша, бау-басқұр тоқуға, сырмақ сыруға, шым ши жасауға шебер адам болыпты. Әбілхан осы халық өнеріне бала кезінен көз қанықтырып, анасына ою өрнектер салуға көмектесіп, сурет өнеріне қолын үйретіп өседі. Оның 1930-1931 жылдары салған «Қарындастың портреті», «Автопортрет» атты туындылары түпнұсқаға ұқсастығымен және кейіпкер болмысын ашуға деген талпынысымен ерекшеленеді. Ол бірте-бірте ел өмірінің алуан салалы тіршілік тынысына ден қойып, тарихи әлеуметтік өзгерістерге суреткер зердесімен қарай бастайды. Оның «Мектепте» (1930), «Түркісіб» (1932), «Жамбыл портреті» (1937), «Ескі және жаңа тұрмыс» (1937-1941), «Амангелді сарбаздары» (1970), «Жас Абай» (1945) сияқты туындылары дарынды суретшінің өткен мен бүгінді шыншылдықпен бедерлеген көркем шежіре іспеттес.

Әбілхан туған жердің әсем табиғатын, оның дидарындағы адам қолының жасампаз өзгерістерін зор шабытпен бедерлей алған суреткер. Оның «Биік таулы мұз айдын» (1954) , «Гүл ашқан алма» (1958), «Менің Отаным» (1959), «Жайлаудағы автодүкен» (1963), «Қапшағай ГЭС –І» (1972) сияқты полотнолары эпикалық қарымымен, шыншылдығымен назар аударады. Әбілхан Қастеев суретші ретінде өзіндік дара қолтаңбасымен ғана ерекшеленіп қоймайды, сонымен бірге, ол туған жері мен өскен елін перзенттік махаббатпен жырлай алған біртуар суреткер. Әбілхан Қастеевтің көп еңбектерін Алматы қаласы Т.Г. Шевченко атындағы Қазақ көркем галереясынан көруге болады. Қастеев есімі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнер мұражайына және Қазақстанның бірнеше қалаларындағы көшелерге берілген.

Танымал Туындылары

«Колхоздағы сүт ферма», «Мақта жинау»,
«Колхоздың тойы», «Қыз алып қашу», «Сатып
алынған қалыңдық», «Алтын астық», «Ақсай
карьері», «Медеу мұз айдыны», «Түркісіб», «Талас
жағалауы», «Қапшағай даласы». Сонымен қатар
Кенесары Қасымов, Абай, Шоқан Уалиханов,
Жамбылдың портреттері; ерекше танымал болып
табылатын портреті – «Амангелді Иманов»
портреті.



Әбілханның алғашқы үздік туындыларының бірі деп 1932жылы су бояумен жазылған «Түркісібін» айтуға болады.Композицияның динамикасы мен сызықтарының ұшқырлығына қарай бейімделген суреттің паровозға келгендігі әрбір бөлшегіне дейін сызып көрсетуінен өзінің жерінің осындай жаңалығына суретін перзенттік қуанышын ерекше сызықтардың тербелісінен білдіргендей.Сол қуаныштың артында тұрған бесжылдықтың ауыр да көлемді жоспарларынан белі қайысқан қазақ жұмыскерлерінің өмірі мен ауыр еңбегі еске түседі.Қайткенменде өмір жылжып,Әбілхан да сол толқынды тұрмыстың екпінімен өнерін шындай берді.Осы акварельдің ықшам ғана атында сол заманның мына бір өзінің сөзі: «Алға үш біздің паравоз,аялдама Коммунада» - дейтінін сызықтардың даму динамикасы, түр-түспен жарықтың таралуы сол уақытпен рухы мен мазмұнын паш етер метафора жасағандай.




Ә.Қастеев атындағы өнер мемлекеттік мұражайы – 1976жылы Т.Г.Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркем сурет галереясының (1935жылы қаланған) және Республикалық қолданбалы өнер музейінің (1970 жылы қаланған қоры негізінде қаланған) қоры негізінде қаланған. 1984жылы қаңтарда музейге Қазақ ССР халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі берілді. ЮНЕСКО-ның шешімімен 2004жылы Әбілхан Қастеевтің 100жылдық мерейтойы кең көлемде атап өтілді.2004жылдың 15қаңтарында Әбілхан Қастеевтің мерейтойлық көрмесінің салтанатты ашылуы болды. Көрме суретшінің күллі шығармаларын қамтыды. Айтап айтар болсақ,400-ден аса акварельді және кескіндеме туындылары, фото құжаттар,суретшінің жеке заттары,кинохроника музейдің үлкен төрт залдарында қойылды. Сонымен қатар суретшінің көрмесі Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде және республиканың облыс орталықтарында өткізілді. Жаркентте Ә.Қастеев атындағы көркемсурет музейі ашылса,Чижин ауылынды Ә.Қастеев атындағы саябақ ашылды.


2005 жылдың қаңтарында Әбілхан Қастеевке Алматы қаласының әкімі И. Т. Тасмағамбетовтың және қала басшылығының тікелей қаржылық қолдауымен ескерткіш ашылды. Бүгінде Ә. Қастеев атындағы МӨМ еліміздегі бейнелеу өнері саласындағы жетекші ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту ісіндегі ірі көркемсурет музейі болып табылады. Музейде Қазақстанның бейнелеу өнері, Қазақстанның қолданбалы өнері, шетел классикалық өнері, жаңа дәуірдегі шетел өнері, қорлар, қайта қалыпқа келтіру, көрме және экспозиция, насихаттау және экскурсиялық қызмет көрсету, ақпарат және баспа ісі сынды 9 ғылыми орталық жұмыс атқарады. Қазіргі таңдағы музейдің қоры өзінің көркемдік деңгейінің жоғарылығымен көптеген әлемдік жинақтардан еш қалыспайды. Музейдің аса бай қорындағы 22500-ден астам кескіндеме, графика, сәулет және Қазақстанның, Ресейдің, Еуропаның, Американың, Шығыс елдері халықтарының қолданбалы өнерінің баға жетпес жұмыстары музейдің негізгі қорындағы туындылар болып табылады.

Амангелді Иманов






Амангелді сарбаздары





*J. K. ...
1851*

Кок Томар.



Амангельді отряды.

